

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
СЫРТҚЫ ІСТЕР  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы,  
Дінмұхамед Қонаев көшесі, 31 ғимарат  
тел.: 72-05-18  
2024 ж. \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, город Астана,  
улица Динмухамеда Кунаева, здание 31  
тел.: 72-05-18  
2024 г.

«Бірыңғай жинақтаушы  
зейнетақы қоры» АҚ

2024 ж. 23 қазандағы № 12-04/6046 хатқа орай

Жоғарыда көрсетілген хаттағы мәселелерді қарастырып, өз құзыретіміз шеңберінде қосымшаға сәйкес ақпаратты жолдаймыз.

Қосымша: аталған, 2 п.

Министрдің орынбасары

Р.Василенко

**1-сұрақ.** БЖЗҚ квазимемлекеттік аумақтардың, оның ішінде РФ-ның Запорожье және Херсон облыстарының уәкілетті органдары берген және (немесе) нотариат куәландырған немесе жоғарыда аталған облыстардың нотариустары куәландырған құжаттарды қабылдауға құқылы ма?

Квазимемлекеттік аумақтардың, оның ішінде РФ-ның Запорожье және Херсон облыстарының уәкілетті органдары берген құжаттарды қабылдаудың заңдылығы туралы шешім қабылдау ҚР СІМ-ның құзыретіне кірмейді.

Сонымен қатар РФ-ның Запорожье және Херсон облыстарының аумағында берілген, ресми құжаттарды тану **Запорожье және Херсон облыстарын нақты танумен тең болатындығына** назар аударамыз, **бұл Қазақстан Республикасының ресми ұстанымына қайшы келеді.**

Халықаралық құқықтағы «тану» терминінің мағынасынан осы жаңа субъектімен қарым-қатынас жасау ниеті ресми түрде расталатын халықаралық құқықтың жаңа субъектісіне қатысты мемлекеттің актісі (әрекеті) ретінде, оның ішінде тек белгілі бір әрекеттерде (мысалы, жеке басын куәландыратын құжаттарды тану бөлігінде) түсінеміз.

Осылайша, Қазақстан Республикасы танымаған, білім беру ұйымдарының уәкілетті органдары берген құжаттардың Қазақстан Республикасының аумағында оларды тану үшін заңды күші болмайды.

**2-сұрақ.** Запорожье және Херсон облыстары РФ құрамына қабылданғаннан кейін Запорожье және Херсон облыстарының уәкілетті органдары берген құжаттар ҚР аумағында заңды ма?

ҚР танымаған, РФ-ның Запорожье және Херсон облыстарының уәкілетті органдары берген құжаттардың заңды күші жоқ және тиісінше Қазақстан Республикасының аумағында заңды деп таныла алмайды.

**3-сұрақ.** Запорожье және Херсон облыстары РФ-ның құрамына қабылданғаннан кейін Минск конвенциясы Запорожье және Херсон облыстарына қатысты қолданыла алады ма?

1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенция (Минск конвенциясы) Қазақстан Республикасы танымаған, РФ-ның Запорожье және Херсон облыстарына қолданылмайды.

**4-сұрақ.** БЖЗҚ қызметкерлері елді мекеннің квазимемлекеттік аумақтарға тиесілігін және ҚР ресми дереккөздерінде осындай аумақтардың тізбесі бар-жоғын қалай өз бетінше анықтай алады?

Қазақстан Республикасы БҰҰ-ға мүше мемлекеттерді ресми түрде таниды. БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің толық тізімі БҰҰ-ның ресми сайтында (<https://www.un.org/ru/about-us/member-states>) берілген. Бұдан бөлек, Қазақстан БҰҰ-ға мүше болып табылмайтын Қасиетті Тақ (Ватикан) және Палестина сияқты мемлекеттерді таниды (<https://www.un.org/ru/about-us/non-member-states>).

Қазақстан квазимемлекеттік (өзін-өзі жариялаған) құрылымдарды қоса алғанда, барлық басқа аумақтарды танымайды.